

# КӨПКЕ ҮМТЫЛҒАН ЖАЛҒЫЗ. ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ

Конформдылық әлеуметтік  
ықпал етудің нәтижесі ретінде  
2-бөлім

1-тарау. Әлеуметтік психология дегеніміз не? Конформдылық



## Ақпарат алуға қарсы топтарға тиесілі болу

Адамдарға бірдеңеге тән болу өте қажет. Әлеуметтік жануарлар үшін қабылдану мен қабылданбау ең күшті сыйлық пен жаза іспетті. Себебі біздің эволюциялық тарихымызда әлеуметтік шеттетудің салдары – қауіпке толы әлемде ресурстардан және топтың қорғауынан айырылу салдары тіпті ауыр. Осылайша адамдар өздерінің генін күшті топқа бейімдеп, әрі қарай ұрпақ жалғастырады. Бұл тарихтың заңды мұра болатын себебі де сонда – көпшілігіміз әлеуметтік оқшаулануға ұшырамау үшін бар күшімізді саламыз.

Бұрын айтып өткеніміздей, біз сияқты адамдардың конформдылық байқататын екі ықтимал себебі бар. Біріншіден, өзгелердің іс-әрекеті алғашқы шешіміміздің қате екеніне сендіруі мүмкін. Екіншіден, конформдылық біздің сол топтағы орнымыздан айрылып қалмауымызға көмектеседі. Эш экспериментіндегі және соған ұқсас басқа да зерттеулердегі жеке тұлғалардың іс-әрекеті, негізінен, оқшауланбауға тырысу ниетінен туындаған. Мұны қатысушыларға жеке жауап беруге рұқсат берген кезде конформдылықтың азайғанынан аңғаруға болады.

Сонымен қатар, басқалардың жүріс-тұрысы бізді дұрыс әрекет жасауға итермелейді. Жалғыз нұсқау болғандықтан, олардың іс-әрекетіне конформды болуға тура келетін жағдайлар көп. Бір сөзбен айтқанда, біз басқа адамдарға шындықты анықтайтын құрал ретінде қарап, көбірек иек артамыз.

Шынында да, жаяу жүргіншілерге жүргізілген зерттеу көрсеткендей, адамдар көзге күйкілеу көрінетін немесе жағдайы нашар адамға қарағанда, өзіндік орны бар, беделді адамның жүріс-тұрысына конформдылық танытуға дайын. Көптеген зерттеу мына нәрсені анықтады: ережелерді бұзудан бой тартатын адамның жүріс-тұрысын үлгі тұтатын жаяу жүргіншілер – жолда жүріп-тұру ережелерін сақтауды қажет деп таппайтын жүргіншілердей емес, рұқсат етілмеген жерден көшені кесіп өту қажет болғанда, көп жағдайда сабыр сақтауға тырысады. Дегенмен біз көнетоз киім киіп, олпы-солпы жүретін адамнан гөрі, ұқыпты және жақсы киінетін адамға конформды болуға бейім тұрамыз.

## Суды үнемдемеу, айналаны қоқысқа толтыру және ұрлық туралы

Тәртіп сақтаудың мәдени нормасын қарастырайық. Адамдардың көбі еш ойланбастан, кішкентай қоқысты жерге тастай салады. Сол кішкентай қоқыс жинала келе, қоршаған ортаны ластайды.

«Дұрыс әрекет туралы ақпарат алу мақсатында басқаларды бақылаудан туындайтын конформдылықтың салдары топтың көңілінен шығу немесе өзгелердің алдында айыпты болып қалмау мүддесіне қарағанда тым ауыр болады», – дейді Аронсон.

Егер біз екіұшты жағдайға тап болсақ және басқа адамдардың әрекетін үлгі ретінде қолдануға тура келсе, соған ұқсас кейінгі жағдайларда ешкімнің көмегін қажет етпей, осыған дейінгі үйренгенімізді қайталай берер едік. Әрине, осының бәрі біздің әрекетіміздің өте ерсі әрі дұрыс емес екенін біреу ескерткенге дейін жалғаса берері анық. Мысалымызға қайта оралайық. Сізді Еркіндік елінің шенеунігі тағы да кешкі асқа шақырды. Бірақ бұл жолы шенеунік өзіңізден басқа қонақ шақырған жоқ. Сұрақ: сіз тамақ ішкеннен кейін кекіресіз бе, кекірмейсіз бе? Жағдайды таразылау арқылы анық жауап алуға болады. Егер сіз осы үйге бірінші рет қонақ болғанда, тамақтан кейін кекіру дұрыс екенін біліп алсаңыз, онда шенеунікпен бірге ас ішкен соң да, сөзсіз, кекіресіз. Дегенмен сіз бірінші ретте өзге жұрт айыптар деп қысылғандықтан немесе жазаланудан қорыққандықтан кекірген болсаңыз, қонаққа жалғыз барғаныңызда бұл әдеттен бас тартасыз. Енді Сэмге және теледидардан сөйлеген саяси кандидатқа оралсақ, Сэмнің сайлауда қалай дауыс беретінін болжау қиынға соғатынының бір себебін оңай түсінуге болады.

Егер жазадан құтылу үшін немесе бедел жинау үшін ғана топпен бірге жүрсе, ол кабинаға жалғыз кірген соң достарының пікіріне қарсы шығып, өзі қалаған кандидатқа дауыс берер еді. Екінші жағынан, егер Сэм топты ақпарат көзі ретінде пайдаланса, өзі таңдаған кандидатқа қарсы дауыс беретіні анық.



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе  
Тарау: 1. Әлеуметтік психология дегеніміз не? Конформдылық  
Дәріс: 3. Конформдылық әлеуметтік ықпал етудің нәтижесі ретінде. 2-бөлім

## Әлеуметтік ықпал және эмоция

Қайталаймыз: нақты шындық айқын болмаса, басқа адамдар ақпараттың негізгі қайнар көзіне айналады. Бұл заңдылықтың жалпылама сипаты жайлы Стэнли Шехтер мен Жером Сингердің кейбір зерттеулерінде жақсы айтылған. Олар адамдардың өз эмоцияларының мазмұны секілді жеке және өзіне ғана тән нәрселерге баға берген кезде де басқалармен келісе беретінін ашып берді. Осы зерттеу жөнінде айтпас бұрын, эмоция дегеннің не екенін айқындап алған жөн. Уильям Джеймс дәлелдегендей, эмоцияда «сезімтал» және когнитивті құрамдас бөліктер бар. Эмоцияның қос сыңарлығы жөніндегі тұжырымдаманы музыкалық автоматтан ән ойнату процесімен салыстырып түсіндіруге болады: алдымен машинаны тиын салып іске қосу керек; кейін қажетті түймелерді басу арқылы қалаған әніңізді таңдайсыз. Эмоция да дәл осындай – ол да физиологиялық шабыт пен сөз белгісін талап етеді. Нақтылап айтсақ, егер біз орманда ашулы да аш аюға кезігіп қалсақ, бойымызда физиологиялық өзгеріс пайда болады. Осындай өзгерістің себебінен қатты толқисыз. Физиологиялық тұрғыдан алғанда, бұл – жүйке жүйеміздің реакциясы.

Біреуге қатты ашуланып, қаһарыңызды төккенде қандай күй кешесіз? Мұнда да дәл сондай сезімді бастан кешіресіз. Үрейіңді ұшыратын хайуанның қасында тұрғанымызды когнитивті түрде түсінгенде ғана осы қарымта реакцияны біз қорқыныш деп, яғни ашу да, эйфория да емес екенін түсінесіз. Үрейленетіндей ештеңе болмаса да, физиологиялық қозу күйіне тап болсақ ше? Мысалы, ішіп отырған сусынымызға біреу физиологиялық қозу тудыратын химиялық затты байқатпай салып жіберсе ше? Біз қорқынышты сезінеміз бе? Оңтайлы қоздырғыш жанымызда болмаса, сезінбейміз дер еді Уильям Джеймс.

Айта кететін нәрсе, егер адамдарға плацебо берілсе немесе оларға берілген дәрінің симптомдары туралы алдын ала ескертілсе, олар жалған қатысушының іс-әрекетіне тіпті назар аудармас еді. Енді эксперимент қорытындысын шығарайық: болған жайды анық біліп тұрған қатысушылардың эмоциясы іс-әрекетіне аса тәуелді болмайды. Дегенмен, олар себебі белгісіз, күшті физиологиялық реакция сезінген кезде, өз сезімдерін «өздерімен бір химиялық қайықта жүзіп келе жатқан» басқа адамдардың әрекетіне сүйене отырып, ашу немесе эйфория деп біледі.

## Әлеуметтік ықпал: өмір мен өлім

Қасақана немесе абайсыз болса да, бір адам екінші адамның іс-әрекетіне елеулі ықпал етуі мүмкін. Біз соны байқадық. Ал осы процестің қалай жүретінін білмесек, оның әсері қоғамды жағымсыз жағдайларға ұшыратуы мүмкін. Бұл орайда Крейг Хейнидің өлім жазасына кесу процесіне жүргізген зерттеуі қызықты әрі ойландырарлықтай мысал бола алады. Негізінен, алқабилерді таңдау арқылы өткізілетін өлім жазасына кесу процесінде осы жазаға қарсы шығуы ықтимал алқабилер қазылар құрамынан жүйелі түрде шығарылып тасталады.

Ақыр соңында, бұл іріктеу қазылар құрамында жұмыс істеуге таңдалып алынатын адамдардың көз алдында өткізіледі. Өзі адвокат, өзі әлеуметтік психолог Хейни мына жағдайға назар аударып отыр. Өлім жазасын қолдайтын алқабилер осындай жазаға қарсы әріптестерінің шеттетілгенін көрген соң, «заң өлім жазасына қарсы адамдарды жақтамайды» дегенге саятын күңгірттеу ишара алады. Мұндай қорытынды оларды өлім жазасын кесуге итермелей беруі мүмкін. Тұжырымның дұрыстығын тексеру үшін Хейни тағы мынадай эксперимент жасады: кездейсоқ таңдалған бақыланушы ересектер тобына алқабилерді таңдаудың күмән тудырмайтын процедурасы жазылған бейнежазба көрсетілді. Бейнематериал барлық қажетті құрал-жабдығы бар заң мектебінің залында түсірілген еді. Мұнда бейнеленетін оқиғалардың бәрі шынайы. Тәжірибелі заңгерлер – прокурор, адвокат және сот рөлдерін ойнады. Бақыланушылардың бір тобы өлім жазасына қатысты бейнежазбаны тамашалады, екіншілері мұндай жазба жоқ бейнеүзікті көрді. Бақылау тобындағы экспериментке қатысушылармен салыстырғанда, әлгі жазбаны көрген бақыланушылар айыпкердің өлім жазасын алатынына сенімді болды және сот та оны айыпты деп табатынына сенді. Айыпкер кінәлі деп танылса, олар өлім жазасын кесуге дауыс беретіні сөзсіз еді. Осылайша біздің ой-пікіріміз бен іс-әрекетімізге әсер ететін факторлар өмірде шешуші рөл атқаратынын байқаймыз. Олар тіпті өмір мен өлім мәселесі болуы да мүмкін.



## Әлеуметтік ықпалға жауап

Осыған дейін конформдылықтың екі түрін баршаңызға азды-көпті түсінікті тілмен сипаттадық. Олардың бір-бірінен айырмашылығы: біріншіден, адам сыйақыны немесе жазаны күтіп отыруы, сондай-ақ білуге мұқтаждығы; екіншіден, конформды жүріс-тұрыстың салыстырмалы түрде тұрақтылығы деген мәселелерге негізделген.

Осы қарапайым ерекшеліктен конформдылыққа ғана емес, әлеуметтік ықпалдың барлық спектріне қолданылатын күрделі және пайдалы классификацияға өтелік. Конформдылық деген қарапайым терминнің орнына әлеуметтік ықпалға реакциялардың үш түрін – бағыну, сәйкестендіру және интернализацияны атап көрсетейік.

**Бағыну.** «Бағыну» термині марапат алуға немесе жазадан құтылуға ұмтылған адамның мінез-құлқын дәл сипаттайды. Мұндай жағдайдағы адам марапат алудан үміті үзілгенше немесе жазалану қаупі сейілгенше бағынышты болуы мүмкін. Мысалы, лабиринттен өзіңіз ойлағандай етіп өткізу үшін егеуқұйрықты әбден ашықтырып аласыз да, лабиринттің біткен тұсына тамақ қоясыз. Сонда егеуқұйрық лабиринттен дұрыс өтуге мәжбүр болады. Осы сияқты, аса қатал диктатор да өзіне бағынбаған азаматтарды түрлі жазамен қорқытып-үркітіп немесе «айтқанымды істесең, байлыққа белшеңнен батырамын» деп уәде беріп, қажетті дауыс жинауы мүмкін. Зерттеушілердің көпшілігі кіріптарлыққа ұшыраған адамдар мен жануарлардың әрекеті арасында үлкен айырмашылық жоқ деген пікірге келіп отыр. Өйткені тіршілік иелерінің барлығы марапатқа да, жазаға да реакция білдіреді. Лабиринттің аузындағы тамақты алып тастаңыз, егеуқұйрық ақыр соңында лабиринт бойлап жүгірмей қояды; адамдарды уәдемен «тойдыруды» доғарып, жазамен қорқытуды тыйсаңыз, олар диктаторға адалдығын көрсетуді қажет деп таппайды.

**Идентификация.** «Идентификация» термині жеке тұлғаның әлеуметтік ықпалы зор адамға ұқсағысы келуінен туындайтын реакцияны білдіреді. Бағыну жағдайындағыдай, идентификация кезінде біз осы жүріс-тұрысымыз қажетті шарт болғандықтан ғана өзімізді дұрыс ұстамаймыз, дұрысы, өзіміз ұқсағымыз келетін адаммен немесе адамдармен қарым-қатынасымызды жақсартатын белгілі бір мінез-құлықты ұстанамыз. Идентификацияның бағынудан айырмашылығы мынада: біз өзіміз құптап отырған пікірлер мен құндылықтарға қатты сенбей тұрсақ та, иланамыз. Егер біз өзімізге жағымды біреуді немесе топты тауып алақ, сол адамның немесе топтың ықпалын және солардың көңілі қалайтын құндылықтар мен қатынастарды қабылдауға бейім тұрамыз. Бұл біздің марапат алу немесе жазадан қашуға тырысуымыз емес. Бар болғаны, сол адамға немесе топқа ұқсағымыз келеді. Автор мұны мейірбан қарт Чарли ағай құбылысы деп атайды.

Айталық, сіздің Чарли атты мейірімді, еті тірі, ақжарқын ағаңыз бар. Кішкентай күніңізден оны жақсы көрдіңіз және өскенде соған ұқсағыңыз келді. Чарли ағай корпоративтік басшы болып істейді. Оның көп мәселеге қатысты орнықты пікірі бар. Ол әсіресе әлеуметтік қамтуға қатысты заңнаманы мүлде ұнатпайды.

Кез келген адам жанын салып жұмыс істесе, соған лайық жалақы алатынына сенеді. Ал жұмыссыздарға жәрдемақы бере отырып, үкімет олардың жұмыс істеуге деген ықыласын жояды деп ойлайды. Кішкентай кезіңізде Чарли ағай осы мәселелерге қатысты өзінің бұл пікірін талай рет білдірген. Сіз оның бұл пікірін талай естідіңіз және осы нәрсе дүниетанымыңыздың бір бөлшегіне айналды. Әрине, осының бәрін ой елегінен өткізіп барып, «дұрыс екен» деген шешімге келген жоқсыз немесе өзінің осындай ұстанымын қолдағаныңыз үшін Чарли ағай тарапынан мақтау-мадақтау да естімедіңіз. Дұрысы, Чарли ағайды ерекше құрметтегендіктен, оның дүниетанымын, өмірлік көзқарасын өз бойыңызға сіңірдіңіз. Өзіміз жақсы көретін немесе ерекше сүйсінетін адамдардың ой-пікірін айрықша құптап, солар не айтса да ден қоюға дайын тұру дағдысы көп адамның бойында бар. Тіпті, ол өзі көп білмейтін бейтаныс жан болса да. Джеффри Коэн мен Майкл Принштейн жоғары сынып оқушыларын чаттағы пікірталасқа қатысуға шақырады. Талқыланған тақырыптардың бірі – «Кешкі ойын-сауықта оқушыларға марихуана ұсынылса, олар не істер еді?» Бір жағдайда қатысушылар өз мектебіндегі танымал және үлгілі сыныптастарымен «әңгімелесіп» отырғанына сенімді болды. Екіншісіндегі сыныптастар танымалдығы орта деңгейдегі оқушылар еді. Танымал сыныптастарымен сөйлесіп отырғанына сенімді қатысушылар олардың пікірімен тез келісті. Үлгі тұтатын сыныптастары марихуана шегетінін айтқанда, қатысушылар да өздерінің марихуанаға



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе  
Тарау: 1. Әлеуметтік психология дегеніміз не? Конформдылық  
Дәріс: 3. Конформдылық әлеуметтік ықпал етудің нәтижесі ретінде. 2-бөлім

әуестігін айтып қойды. Ал үлгілі сыныптастар марихуанадан бас тартатынын айтса, қатысушылар да осыны істейтіні сөзсіз еді. Жай ғана бағыну іспеттес Эш экспериментіндегі конформдылыққа қарағанда, мұндай конформдылықтың әсері күштірек болады. Тіпті, кейінірек қатысушылармен оңаша сөйлесіп, марихуана туралы жеке пікірлерін сұраған кезде де осы жайт айқын байқалып тұрды.

**Интернализация.** Құндылықтардың немесе ой-пікірдің интернализациялануы әлеуметтік ықпалға ең тұрақты, қатты тамырланып кеткен жауап болып саналады. Нақты сенімді игеруге ұмтылу – әділ болуға талпыныс. Демек, сенім үшін көтермелеу ажырағысыз нәрсе. Ықпал еткен адам сенімімізге лайық болса және оның ой-пікірі дұрыс болып көрінсе, біз оның пікірін қолдаймыз және оны өзіміз ерекше бағалайтын құндылықтардың біріне айналдырамыз. Сөйтіп, әу баста өзге адамнан шыққан пікір – біртіндеп біздің өз пікірімізге, өмірлік ұстанымымызға айналады.

Енді әлеуметтік әсерге қатысты осы үш жауапқа талдау жасап, әрқайсына баға берейік. Бағыну тиянақты құбылыс емес. Сондықтан оның адамға ықпалы да мықты болмайды. Өйткені адамдар бағына отырып, біреуден мақтау естігісі немесе жазадан құтылғысы келеді. Бағынышты адам өзінің жағдайдың құлы екенін жақсы түсінеді де, жағдай өзгерген кезде басқаша мінез көрсетіп шыға келеді. Біреу өңменіңізге мылтық кезеп тұрса, ол айтуға болмайтын нәрсенің бәрін айтып беруі мүмкін. Ал ажал қаупі жойылған кезде, осы айтқанымыздай сол бойда-ақ бас тартар едік. Егер балақай анасынан тәтті алу үшін інісіне қамқор болып, кең пейіл, бауырмал мінез танытса, ол болашақта жаны жомарт адам болады деген сөз емес. Ол кең пейілділік дегеннің жақсы нәрсе екенін түсініп үлгерген жоқ. Әзірше бар білетіні – тәтті алудың тиімді жолы ғана. Бітіп қалғанда, оның әрекеті қандай да бір сыйлықпен көтермеленбесе, сырт көзге кең пейіл етіп көрсететін іс-әрекетін де тыя қояды. Марапаттау немесе жазалау арқылы адамдарды оқуға немесе нақты іске жұмылдыруға болады. Бірақ марапат пен жазаның әлеуметтік ықпал ету амалдары өте шектеулі. Өйткені адам өзінің іс-әрекетін белгілі бір ыңғайда жалғастыра беру үшін қосымша себеп таппаған кезде марапат пен жаза үнемі болып тұруға тиіс.

### Үздіксіз марапат немесе жаза

Автор «идентификация» деп атаған әлеуметтік ықпалға орайлы жауап бола алмайды. Өзін басқа біреуге ұқсататын индивид соның қасында болуы шарт емес. Ең бастысы – сол адамға ұқсау. Мысалы, Чарли ағай басқа қалаға қоныс аударса, айлап-жылдап оны көрмесеңіз де, сіз оның ұстанымынан айнымайсыз. Өйткені: біріншіден, ол адамды сіз әлі үлгі тұтасыз; екіншіден, ол әлі сол бұрынғы ұстанымымен өмір сүріп жатыр; үшіншіден, бұл ұстанымды одан гөрі дұрыстау пікірлермен салыстырып көрген жоқсыз.

Дегенмен ол өз ойын өзгертсе немесе сіздің оған деген ықыласыңыз ортая бастаса, сіздің ұстанымыңыз да өзгеруі мүмкін. Сондай-ақ сіз ерекше бағалайтын бір адам немесе адамдар тобы Чарли ағайдікінен бөлек ой-пікірлерін санаңызға сіңіруге тырысқан жағдайда да, ұстанымыңыз өзгеріске ұшырайды. Мысалы, сіз колледжден кетіп, ой-пікірлері Чарли ағайға қарама-қарсы жаңа достарға кез болдыңыз. Олар адамдардың әлеуметтік әл-ауқатының жоғары болуын ерекше қолдайды. Егер олардың ой-пікірі сізге ұнаса, тіпті Чарли ағайдың ой-пікірлерінен де қаттырақ ұнаса, сіз өз ұстанымыңызды өзгертесіз. Өйткені сіз енді осы топ мүшелеріне ұқсағыңыз келеді. Сайып келгенде, маңыздырақ идентификация бұрынғы идентификацияны ығыстырады.

Идентификация арқылы пайда болған әлеуметтік ықпал әсерінен құтылудың бір жолы – әділ болуға ұмтылу. Егер сіз оның әсерінен бір ойға бекіген болсаңыз, әйтсе де кейінірек бір сенімді адам сізге қарсы шығып, уәжді дәлел айтса, өзіңіздің әуелгі ойыңызды өзгертуіңіз ғажап емес. Сондықтан интернализация – әлеуметтік ықпалға ең тиянақты жауап. Өйткені әділ болуға ұмтылу арқылы сіз ерекше күшке ие боласыз. Марапат пен жазаны үнемі көлденеңдетіп тұратын делдалдардың бақылауынан құтыласыз немесе идентификация жағдайындағыдай, өзіңіз ерекше құрметтейтін адамның немесе топтың ықпалына тәуелді болмайсыз.